



Түркістан облысының қоғамдық денсаулық басқармасының «Облыстық тері-венерологиялық аурулары диспансері» ДЖК МКК Байқау кеңесінің шешімімен Басылған  
Түркістан облысының қоғамдық денсаулық басқармасының «Облыстық тері-венерологиялық аурулары диспансері» ДЖК МКК Байқау кеңесінің жеке отырысының 23 10 2019 жылғы № 2 хаттамасына № 7 Қосымша

**Түркістан облысының қоғамдық денсаулық басқармасының «Облыстық тері-венерологиялық аурулары диспансері» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының ақпараттық САЯСАТЫ**

Шымкент қаласы, 2019 жыл

## 1. Жалпы ережелер

1. Түркістан облысының қоғамдық денсаулық басқармасының «Облыстық тері-венерологиялық аурулары диспансері» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының (ары қарай – Мекеме) ақпараттық саясаты (ары қарай – Саясат) Қазақстан Республикасының заңдылықтарына, Жарлықтары мен Мекеменің корпоративті басқару Кодексіне сәйкес жасалған.

2. Саясат Мекеменің қызметі жайлы ақпаратты таратудың негізгі қағидалары мен жалпы талаптарын анықтайды, яғни Мекеменің Жалғыз қатысушысы жайлы (ары қарай – Қатысушы), Мекеменің қызметіне қызығушылық танытқан тұлғаларға, және де қызметтік, коммерциялық пен заңдылықтармен қорғалатын Мекеменің құпияларынан құралатын ақпараттарды сақтайды.

3. Саясат Мекеме қызметінің тиімділігін жоғарылатуға, инвестицияларды қызықтырып және жағымды имидж құруға көмектесуі қажет.

## 2. Саясаттың мақсаты, міндеті және қағидалары

4. Мекеме Саясатының мақсаты Мекеменің қызметі туралы ақпаратты жеткізудің ашықтығы мен айқындылығының тиімділігін арттыру, өйткені барлық қызығушылық танытқан тұлғаларға Мекеменің қызметі туралы ақпаратты дер кезінде қажетті мөлшерде алса, олар қажетті инвестициялық шешімдер жасай алады.

5. Саясат келесі мәселелерді шешуге бағытталған:

1) қызығушылық танытқан тұлғаларды Мекемеге байланысты шешімдерді қабылдау үшін қажетті корпоративті ақпарат алу құқықтарымен қамтамасыз ету;

2) корпоративті басқаруды жетілдіру;

3) коммуникациялық белсенділікпен қамтамасыз ету;

4) ақпаратты міндетті тарату бөлігінде Қазақстан Республикасы заңдылықтарының талаптарын орындау;

5) Мекеме жайлы мәліметерді (ақпараттарды) қорғау, олардың таралуы немесе қолдануы мемлекеттің, Мекеменің игіліктеріне зиянын тигізуі немесе басқа қызығушылық танытқан тұлғалардың басқалардың алдында (бірдей тең жағдайда) негізсіз басымдылық танытуына алып келеді.

6. Саясаттың қағидалары негізделеді: толықтылығы, ақиқаттылығы, ұсынылатын ақпараттың қол жетімділігінде, және ақпаратты ұсынудың уақытылығында және жүйелігінде.

7. Сонымен қатар, Мекеме қызметтік, коммерциялық және заңды түрде сақталатын ақпараттарды сақтайды, ол өзіне ақпараттың құпиялығын ашпау туралы міндетті алады да, және де заңмен рұқсат етілген ақпаратты қорғау әдістері мен құралдарын пайдаланады.

8. Саясаттың жоғарыда айтылған қағидалары қызығушылық танытқан тұлғалардың Мекеменің және оның ұсынатын ақпаратының ақиқаттылығы, ашықтығы жайлы сенімділігін туғызуға бағытталған.

9. Мекеме басқа тұлғаларға Мекеме жайлы ақпаратты Қазақстан



Республикасының нормативтік актілерінің, қолданыстағы заңдылықтарының, Мекеменің ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес анықталған көлемде ұсынуды қамтамасыз етеді.

Міндетті ұсынылатын құжаттарға тағы да жататында:

1) Мекеменің Жарлықтары мен Мекеменің қызметін реттейтін ішкі құжаттар;

2) маңызды жағдайлар мен дәлелдемелер, көбінше, Мекеменің Жарлықтары енгізілген өзгерістер, қайта ұйымдастыру бойынша мәліметтер;

3) Мекеменің жылдық есеп беруі.

10. Мекеме жайлы қажетті ұсынылатын ақпаратты қызығушылық танытқан тұлғаларға міндетті түрде Қазақстан Республикасының нормативті актілерімен және заңдылықтарымен бекітілген мерзім мен тәртіп бойынша ұсынады.

11. Қазақстан Республикасының нормативті актілерімен және заңдылықтарына сәйкес міндетті түрде ұсыну қарастырылмаған қосымша ақпараттар, алайда өзінің ақпараттарының айқындылығы мен ашықтығы және оңай қол жетімділігінің есебінен Мекеменің инвестициялық тартымдылығын жоғарылатады, оған жататындар:

1) Мекеменің қаржылық-шаруашылық және корпоративтік қызметі жайлы кезеңдік ақпараттар;

2) қабылданған стратегиялық шешімдер, мекеменің маңызды оқиғалары мен нәтижелері жайлы мәліметтер;

3) Мекеме басшылықтарының бұқаралық ақпарат құралдарында, Мекеменің пресс-релизінде жасаған сөз сөйлеулері жайлы ақпарат;

4) Мекеменің нарықтық жағдайы мен медициналық бизнесті жүргізгенде этикалық қағидаларды сақтауды қамтамасыз етуі жайлы мәліметтер;

12. Қосымша ақпаратты Мекеме оның белгілі бір уақытта өзектілігін ескере отырып, өз уақытысында таратады.

13. Қызығушылық танытқан тұлғалардың ақпаратты құқықтарын орындау үшін, және ақпараттың қол жетімділігі мен жылдамдығын қамтамасыз ету мақсатында Мекеме ақпараттандырудың келесі әдістерін қолданады:

1) құжатты ақпаратты қолма-қол (салып жіберу) тапсыру;

2) ақпараттарды магниттік (электрондық) тасымалдаушыларда (заңдылықпен бекітілген жағдай бойынша) ұсыну;

3) ақпараттарды арнайы ақпараттық агенттіктерден және бұқаралық ақпараттық құралдардан алу;

4) ақпараттарды Мекеменің интернет желісінде оны жариялау арқылы таратады;

5) пресс-конференцияларда, көпшілік алдында сөз сөйлегенде және қызығушылық танытқан тұлғалармен жеке кездесулерде ақпараттандырады;

6) Қазақстан Республикасының заңдылықтарында қарастырылған басқа да жолдармен.

### **3. Мекеменің лауазымды тұлғаларымен ақпараттың таратылуы**

14. Мекеменің қызметі жайлы ақпараттарды жинау, дайындау және



тарату Мекеменің ішкі құжаттарына сәйкес ақпарат тарату бойынша қызметті орындайтын лауазымды тұлға жүргізеді.

15. Мекеменің қызметі жайлы сұрақтар бойынша көпшілік алдында мағлұмат беруге Бақылау кеңесінің төрағасы мен мүшелері, Мекеме Басшысы, және де Мекеме Басшысылығының тапсырмасымен Мекеменің уәкілеттеріне құқық беріледі.

16. Бақылау кеңесінің өкілі немесе Бақылау кеңесімен жіберілген мүшесі Бақылау кеңесінде қабылданған шешімдерге ресми түрде пікір білдіруге, және де Бақылау кеңесінің мәжілісінде қарастырылған сұрақтар бойынша өзінің көзқарасын білдіруге құқығы бар.

#### **4. Ақпараттарды тарату ережелері**

17. Ақпаратты таратудың тілі. Қазіргі саясатқа сәйкес ақпаратты тарату кезінде барлық жағдайларда ақпаратты тарату мемлекеттік немесе орыс тілдерінде жүргізіледі, әрине, күшіндегі заңдылықтар рұқсат етілсе, нақты бір жағдайда (сұхбаттасу, бұқараға пікір білдіру, синхранды аудармаға рұқсат берілмеген жағдайда) ақпаратты тарату маңызына қарсы келмесе.

18. Мекеме пресс-конференциялар, телефондық конференциялар, брифингтер мен кездесулер жүргізеді, халықаралық ұйымдардың қызметіне қатысады.

19. Мекеме пресс-қызметтер арқылы Мекеменің қызметі мен перспективалық дамуы жайлы БАҚ ресми пікірлерін таратады, БАҚ өкілдерінің сұрақтарына жауап береді, Мекеменің лауазымды уәкілетті тұлғаның қатысуымен сұхбаттасулар, брифингтер мен пресс-конференциялар ұйымдастырады.

20. Мекеме қатысушылармен (қатысушылардың өкілдерімен), потенциалды инвесторлармен кездесулер өткізеді, сараптаушылар мен басқа да қызығушылығы бар тұлғаларды шақырып тақырыптық дөңгелек үстел, сонымен бірге пресс-саяхаттар ұйымдастырады. Мекеме басшылығының қатысуымен пресс-саяхаттарды жылына кемінде екі рет ұйымдастыруға тырысады.

21. Мекеме республикалық және халықаралық конференцияларға, көрмелердің жұмыстарына, халықаралық ұйымдардың қызметтеріне қатысады.

22. Мекеменің қызметі жайлы ақпараттардың таралуын ұсынатын шараларға қатысатын Мекеменің өкілдері, және де таратылатын ақпараттардың тақырыптары Мекеменің құрылымдық бөлімшелердің келісімімен анықталады, өзара байланыс жасалады. Мекеменің қызметі жайлы ақпаратты таратуды қарастыратын, іс-шараларға қатысатын Мекеменің уәкілетті өкілі (қызметкерлер ішінен), Мекеменің абыройына нұқсан келтіретін көпшілік алдындағы ақпараттардың (сөз сөйлеулер, пікірлер, сұхбаттар, жарияланымдар және т.б.) таралуына жауап береді.

#### **5. Қызығушылық танытатын тұлғаларға Мекеме қызметі жайлы құжаттар мен мәліметтерге рұқсатты қамтамасыз ету**

23. Мекеме аукционерлерге, инвесторларға және басқа да қызығушылық



танытқан тұлғаларға Қазақстан Республикасының заңдылықтары мен нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес Мекеме сақтауға және ұсынуға міндетті ақпараттарға Мекеме рұқсатты қамтамасыз етеді.

24. Мекеме сұраған талаптар бойынша Мекеменің Басшылығының атынан жазбаша түрде құрылған құжаттарды танысуға ұсына алады.

25. Мекеме және оның қызметі жайлы ақпараттарды қызығушылық танытқан тұлғаларға ұсынылады, олар БАҚ өкілі болмауы қажет, егер мәлімет мемлекетпен, коммерциялық немесе басқа да заңмен сақталатын құпия ақпаратты құрамайтын болса, жазбаша сұраныстың негізінде ұсынылады.

### **6. Қорытынды ережелер**

26. Бақылау кеңесі қолданыстағы Саясатты бекітеді, сонымен бірге ақпараттың таралуы мен қызметтік, коммерциялық немесе басқа да заңды құпияларды сақтауды құрайтын ақпаратты қорғаудың тәртібін анаықтайды.

27. Мекеме Басшылығы Мекеменің заңдылықтар мен құжаттарының талаптарына сәйкес Мекеменің қызметі жайлы ақпаратты таратады және қорғайды.

28. Бақылау кеңесінің хатшысы бекітілген тәртіпте Мекеменің Бақылау кеңесіне уақытылы ақпараттарды ұсынуды қамтамасыз етуі керек.

29. Мекеме және оның қызметі жайлы таратылатын ақпараттың дұрыстығы мен толықтығына жауапкершілігі Мекеме Басшылығына жүктеледі.

30. Мекеме Басшылығы ақпаратты келістіру мен тарату мерзімі, ақпараттық ресурстардың қызметтігі мен сақталуы процедураларын қамтамасыз етеді, сонымен бірге нағыз Саясаттың мақсаттарына жетуін қамтамасыз етеді.

---